

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Елімізде ақпараттық саясат және ақпараттық процестерді тиімді басқару проблемасы дамыған елу елдің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық міндетке сәйкес ғылыми негізделген сарабал көзқарасты талап етуде. Әлемдік тәжірибе негізінде талдап жасалынған Қазақстанның ақпараттық бәсекеге қабілеттілігі жөніндегі тұжырымдама – осы бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі. «Қазақстанның тәуелсіз жылдарының ішінде тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының уәзипалық етуі үшін саяси, экономикалық және құқықтық жағдайлар жасалды. Мұның өзі – заңнамалық, сондай-ақ, нizamдық кесімдермен қуатталатын нақтылы шындық. Бізде БАҚ–тың басым көпшілігі мемлекеттік емес. Мәселенің мәні мұнда да емес, ол баспасөз бен теледидардың цензура болмайтын, БАҚ жұмысының жеңілдікті тегершіктері жасалған жағдайдағы, олардың қызметінің заңдық тегершігі айқын анықталған жағдайдағы уәзипалық етуінің бекем тетігінде жатыр» [2, 24-б]. «Бұл – мемлекет пен қаламгерлер қауымдастығы бірлесе жеткен белес» [3,25-б].

Мемлекет пен қаламгерлер қауымдастығын біріктіретін ортақ желі мемлекеттік идеология болуға тиіс. Бүгінгі таңда Ресейде саяси идеология бойынша зерттеулер жүйелі жүргізілуде. Біздің елімізде де осындай зерттеу жұмыстарының қажеттігі күн санап арта түсуде. Өйткені, «Қазақстан – 2030» Стратегиясында ел идеологиясының теориялық – тұжырымдамалық негізі қаланғанымен, оны бағдарламалық – мақсаттық тұрғыда өрбіту насихаттық науқандар деңгейінде қалып отыр. Міндет ғылыми-практикалық ізденіс деректеріне сүйене отырып, Стратегияның қағидаттары мен идеологемаларын нақты ұрандар тіліне көшіру, орталық және жергілікті деңгейлерде басқару шешімдерін қабылдау, маркетингтік қамтамасыз ету шараларын ұсыну болып табылады.

Ақпараттық саясат халықтың таным көкжиегін кеңітуге жәрдемдесуге тиіс. Басқа халықтардың тәжірибесіндегі оң атаулының бәрін қабылдауға ұмтылумен қатар, әрбір халықтың асыл арманы - өз Отанының алдыңғы қатарлы елдермен бір сапта жүріп келе жатқанын, дүниежүзілік дамуда өзіне мәртебелі орын қамтамасыз еткенін, халықтар арасында лайықты түрде орын алып отырғанын көру. Қазақ мемлекетінің орны қандай болуға тиіс және бүкіл адамзатқа не айта аламыз? Біздің саяси-әлеуметтік ойымыз алдында тұрған мәселелер ішінде бұл, сөз жоқ, саяси идеологиямыздың ең ауыр, бірақ сонымен бірге ең маңызды проблемасы болып табылады. Әлемдегі ең үздік елу елдің сапынан орын алу қазақтың өзге жұрттармен терезі тең болғандығының басты куәсі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Астана: Қазақстан, 2007.
2. Ақпараттық саясаттың рөлі. // Егемен Қазақстан. 5 сәуір.2003.
3. Бекболатұлы Ж. БАҚ жұмысының стратегиялық қағидаттары. // Ақиқат. №8. 2007.

УДК 391/395:070

ҚАЗАҚТЫҢ АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІ

Отарбаева Бақытжан Баймаханқызы

b.otarbaeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Журналистика және Саясаттану факультетінің II курс студенті
Жетекшісі – Ж.Базарбаева

Біздің көтеріп отырған тақырыбымыз – қазақтың ат қою дәстүрі. Мақсат - өзінше бөлек, дәстүрлі қазақ ат қою ерекшеліктерімен өскелең ұрпақты, өз замандастарымды таныстыру, ой салу.

Есімдер шығу тегі мен мағынасын ашу. Ана тілімізде есім иеленген замандастарымыздың санын көбейту.

Қазақ есімдерінің дұрыс жазылуын насихаттау.

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі таңда ұрпақтан-ұрпаққа өзінің әдемі үйлесімімен, сәнді салтанатымен жеткен игі дәстүр – қазақтың ат қою дәстүрі өмір шындығынан алыстап, тарих қойнауына бара жатқандай әсер қалдырады. Қазақ перзенттеріне тіл келмейтін, дін құптамайтын есімдерді қою сәнге айналып барады. Қазақ есімдерінің қойылуы тіліміздің кең қанат қағып, тамыр тартуының – басты көрінісі. Бұл туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр. Қазақ тілі әлі бірте-бірте мемлекеттік қызметте, өмірдің барлық саласында басымдық танытатын болады» деп айтқан болатын. Сондықтан тіліміздің өркен жайып, дамуы үшін қазақ тілді есім қойылуы аса маңызды. Қазақ есімдерінің өз орфографиясына ие бола алмай келе жатқаны жасырын емес. Біз бүгінгі күні келер ұрпақ алдында қазыналы қазақ есімдерінің сыры мен қырын ашып көрсетер болсақ, ертеңгі күні өзінің ұлы мен қызына есімді ана тілінде береді. Бұл дегеніміз «шыр» етіп дүние есігін ашқаннан ана тілін танып өседі деген сөз. Сонда біздің де жүзіміз жарық болады.

Кіріспе

Қазақ халқы кісі есімдеріне үлкен мән берген. Өзге ұлттармен салыстырып қарайтын болсақ, орыс халқында қойылатын есімдер саны небәрі 7 мың ғана болса, қазақ халқында 50 мың есім бар. Сонымен бірге халқымыздың ат қоюда негізінен қолданатын дәстүрлері, наным-сенімдері болған. **Біз түрлі зерттеу еңбектерін саралай келіп, қазақтың ат қою дәстүрін 14 топқа біріктірдік және қазақтың тұрмыс-тіршілігіне енген, бірақ бұған дейін ешбір еңбекте кездеспеген 2 ат қою дәстүрін қосуды жөн деп таптық. (1-сурет)**

Баланың дені сау, тәні берік болсын деп ат қою: С.Торайғыр. «Кім жазықты?» романының кейіпкері – Тасболат.

Балаға тіл-көз тим ейді деген ниетпен ат қою: Сұлтанмахмұт атамның әкесінің атының қойылуы – Шоқпыт.

Баласы шетіней берген үйде ат таңдау жолдары: Тарихта аты белгілі Сайран қаласының билеушісі болған – Тоқтасын хан. М. Әуезов «Абай жолы» романы Есенбай асуы деген жер аты кездеседі. Есенбай ертеректе өмір сүрген батыр ретінде сипатталады. Баланың өмір жасы ұзақ болсын деген ниетпен ат қою: Жанұзақ. Біріншісі: «Жанұзақ (19 ғасыр). Батыс Қазақстан облысында туып өскен. Жырау. Сарай ақыны аталады. «Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары» жинағында (Орынбор, 1910) Жәңгір хан алдында жырлаған жырлары басылған (9-19 б.б.)». Екіншісі: «Жанұзақ (19 ғасыр). Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында туып- өскен. Жұмық Дәулетбай батырдың немересі...» Елдің ардақты азаматтарының аттарын беру: Мұхтар Әуезов пен Мұхтар Шаханов.

Ер сайманы болған ескі қару-жарак аттарына байланысты есімдер: Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер» атты шығармасының басты кейіпкері - Садақбай.

Қыз аттарына аспан әлемінің, аңдардың, асыл тастардың, қымбат маталардың, нәзік өсімдіктердің атын қою: «Қыз Жібек» жырындағы Жібек, «Айман-Шолпан» жырындағы – Шолпан, Айман.

Соңғы балаға ат қою жолдары: «Ер Төстік» ертегісіндегі Кенжекей

Туылған уақытына орай ат қою: Мағжан атамның атасы – Жұмабай, Батыр бабамыз – шапырашты Наурызбай. Қазақтың қоңыр дауысты әншісі – Рамазан Стамғазиев.

Ұйқастырып ат қою: М.Әуезовтің «Қараш-қараш» оқиғасы повестінің кейіпкерлері – Бақтұғыл мен Тектіғұл.

Ислам дінінің негіздеріне ат қою: М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» романындағы – Жамал, М.Әуезов «Абай жолы» романындағы – Оспан, қазақтың Ахаңы атанған – Ахмет Байтұрсынов. Қазақ ат қою дәстүрінде ең жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Қазақ зиялыларының барлығы дерлік мұсылманша аттар иемденген. Абай атамның азан шақырып қойған есімі – Ибрахим, Ыбырай атамның да азан шақырып қойған есімі – Ибрахим. Шоқан атамның азан шақырып қойған есімі – Мұхаммед-Қанафия.

Ислам дінінен енген есімдер ішінде ең жиі қойылатын есімдер аудармалары:

Абсамат – өзгермейтін, тұрақты, **Ләйла** – түн, кеш, **Рабиға** – көктем, **Абсадық** – әділ, шыншыл, **Латифа** – нәзік, **Сабыр** – шыдам, **Асқар** – таңертең, **Марфуға** – биік, **Сәбит** – берік, тұрақты, **Әмина** – адал, **Мәрзия** – көпке сүйкімді, ұнамды, **Садық** – шыншыл, **Ғылман** – жұмақ қызметкері, **Махбуба** – сүйкімді, сүйікті, **Саттар** – жасырушы, тасалаушы, **Ғинаят** – қамқорлық, ұқыптылық, **Мақсұт** – тілек, ұмытылмас үміт, **Ғалымжан** – білімді, **Мәжі** – бақытты, **Салика** – жақсы, **Ділда** – жүрек, көңіл, **Мырза** – мұрагер, **Самат** – өзгермейтін, мәңгі, **Дана** – тұқым, **Назар** – көз қыры, ескеру, ой жүгірту, **Дариға** – қайғы аяныш, **Нағима** – жұмсақ, нәзік, **Тухфат** – тарту, сыйлық, **Дәрмен** – амал, лаж, күш, **Назира** – еліктеу (өлең шығаруға), **Зада** – (патша) ұлы, **Насиха** – кеңесші, ақыл айту, **Хафиза** – жаттау, еске түсіру, **Зиба** – сәнді, көркем, **Омар** – терістеу, мойындамау, **Зағифа** – әлсіздік, күшсіздік, **Озифа** – лауазым, **Хайдар** – арыстан, **Жамал** – көрік, шырай, **Охап** – сыйлаған, **Хафия** – тыңшы, абайшы, **Камал** – көрік, шырай, **Рахым** – қайырымды, ізгі, **Қадыр** – күшті, икемді, **Рахат** – тыныштық, демалыс, **Шайхы** – қарт, **Қамар** – Ай, **Рафхат** – даңқ, дәреже, мансап, **Шамси(я)** – күн, **Қарун** (Арон) – сараң, **Рахмет** – алғыс, **Шафқат** – аяушылық, **Шаһбаз** – қаршыға, сұңқар.

Табиғи құбылыстарға байланысты ат қою: Дауылбай болыс, Т.Рысқұлов «Қызыл жебе» романы

Төрт-түлік мал, аң, құсқа байланысты ат қою: Ботагөз бен Бүркіт, С.Мұқанов «Ботагөз» романы.

Екі есім иемденген шаңырақ иелері. Қазақтың Қадырының атасы – Мырзали (Мырза + Али).

Ер есімін иемденген гүлдер. Қазақтың ат қою дәстүріндегі үлкен ерекшеліктің бірі – қыз балаға ер баланың атын қою. Бұлай ат қоюдың бір себебі – атұстар азаматтың, шаңырақ иесінің дүниеге келуін күткен ізгі тілектен туындаған. Бір қызығы осы бір ізгі тілек расымен орындалып отырған.

Қазіргі таңда қазақ ат қою дәстүріне тағы да бір есім иелену дәстүрін қосуға болады.

Сериал кейіпкерлерінің атын иемдену. Тілге бөтен, дінге жат мұндай есімдер естір құлаққа сүйкімсіз, тілге жеңіл тимейтіні анық.

Мысалы: «Диана» атты сериалдың басты кейіпкерінің есімі. Диана есімінің шығу төркініне келетін болсақ, грек құдайының есімі.



(1-сурет)


Статистика агенттігінің мәліметінше, былтырғы жылы дүние есігін ашқан 3500 астам сәбидің есімі азан шақыртылып Ерасыл қойылыпты. 4300-ге жуық қыз балаға ата-анасы Айзере есімін таңдаған. Бұдан бөлек Әмір, Әліхан, Нұрсыл, Санжар, Сұлтан, Әділет, Айару, Інжу, Кәусар, Айша, Әмина, Айсыл, Інжу-Маржан, Мадина, Нұрсая, Нұрай, Сабина, есімдері де жиі қойылыпты. Салыстырмалы түрде осыдан 10 жыл бұрын Бекзат, Мейрамбек, Азамат және Аружан, Диана, Дильназ есімдері нәрестелерге көп қойылған екен (2-сурет).



(2-сурет)

Ұлт зиялыларының есімдерінің қойылуын ірі екі топқа бөлуге болады (3-сурет):

- 1) Қазақтың төл есімдері;
- 2) Ислам дінінен енген есімдер;



(3-сурет)

Сөз соңы. Мынадай ұсыныс айтқым келеді:

Қазақтың есімдеріне заманымызға лайықты сапа, түр беріп, оларды ілгері дамытып, қолданысқа енгізілсе;

Халықтық мәдениетіміздің бір бөлігі – қазақтың ат қою дәстүрі өз мұрагерлеріне оралса;

Қазақ есімдері өз орфографиялық ерекшеліктеріне сай жазылса.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақ, Т. Есімдер Сыры. –Алматы, 2004.
2. Жанұзақов, Т. Есіміңіз кім? – Алматы, 1989.
3. Қазақ есімдерінің анықтамалығы – Алматы, 2009.
4. Жанұзақов, Т. Есімдер сыры. – Алматы, 1984.

УДК 070:004/002

ИНТЕРНЕТ-ЖУРНАЛИСТИКА: ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ В РК

Раисова Зульфия Давлюбаевна

zulfiyaraisova@mail.ru

Студентка 1 курса факультета журналистики и политологии ЕНУ им.Л.Н Гумилева

Научный руководитель – А.Матаева

В нашем научном исследовании мы постарались раскрыть тему формирования, развития Интернет-сообщества в Казахстане, выявить закономерности и проблематику становления информационного развития в республике. Актуальность темы научной работы продиктована мировыми тенденциями формирования нового информационного общества. На наших глазах происходит глобальная информатизация мирового сообщества как ответ на вызов XXI века, так способ выживания и сохранения человечества.

С обретением независимости Казахстан приобрел и необходимость самому строить структуру СМИ. Встал вопрос о необходимости законов, которые бы регулировали средства массовой информации, их взаимодействие с властью и другими институтами. Одновременно с этими процессами, учитывая возрастающие в обществе информационные потребности, стал меняться формат подачи информации, стали выходить программы по новым направлениям. Одной из основных задач СМИ независимого Казахстана стало освещение